

KASE

АПТАЛЫҒЫ

25–29 қаңтар,
2021

KASE ОҚИҒАЛАРЫ


- ▲ KASE Еуразия даму банкінің [KZX00000583](#) (EABRe2) халықаралық облигацияларының, "Қазақстан даму банкі" АҚ KZ2C00006898 (BRKZb20) және KZ2C00007102 (BRKZb21) [облигацияларының](#), "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ [KZK00007318](#) (KFUSb9) облигацияларының сауда-саттықтары ашылды.
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ XS0583796973, US46627JAB08 (HSBKе5) халықаралық облигациялары айналыс мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен [шығарылды](#).
- ▲ "Еуразиялық банк" АҚ KZ2C00005981 (EUBNb18) жай акцияларының биржадағы сауда-саттықтары уақытша [тоқтатылды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қаржы министрлігі 22 қаңтар күні Қазақстан қор биржасында өзінің MEUKAM-156 ([KZKD00000899](#)) екінші шығарылымын, MEUKAM-120 ([KZKD00000899](#)) 17-ші шығарылымын, MEUKAM-180 (KZKD00000931) 13-ші шығарылымын, MEKKAM-12 ([KZK100000258](#)) 149-шы шығарылымын, MEUKAM-156 ([KZ000A1A1S55](#)) екінші шығарылымын, MEUKAM-180 ([KZKD00000105](#)) бірінші шығарылымын орналастыру арқылы 153,7 млрд теңге тартты.
- ▲ Қазақстан қор биржасында 28 қаңтарда "KEGOC" АҚ KZ2C00006658 (KEGCb3) облигациясын жылдық 11,6161 %-бен орналастырып, 8,6 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында 29 қаңтарда "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00007300 (KFUSb8) облигациясын жылдық 10,28 %-бен орналастырып, 9,8 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ АНОНС: 08 ақпанда "Кселл" АҚ 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы қызметінің қаржылық нәтижелерін жариялау бойынша телеконференция [болып өтеді](#).
- ▲ "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ ҚДБ өңдеу өнеркәсібіне және инфрақұрылымға 506,2 млрд теңге [инвестициялады](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ KZ2C00004257 (FFINb3) 40 744 облигацияларын [сатып алды](#).
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ өзінің XS0867478124, XS0867573890 (BTASe16) халықаралық облигацияларының толық мерзімнен бұрын өтеуді [жүзеге асырды](#).
- ▲ KAZ Minerals PLC Компаниясы 2020 жылдың он екі айына және төртінші тоқсанға ағылшын тілінде өндірістік есебін [ұсынды](#).
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясы 2020 жылға операциялық нәтижелері туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Nalyk Finance" АҚ Cbonds агенттігінің нұсқасы бойынша Қазақстан облигацияларының нарықтық шығарылымы ұйымдастырушылардың рэнкингінің көшбасшысы [болды](#).
- ▲ "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ атауы [өзгертілді](#).
- ▲ "СОКОЛОВКА" АҚ атауы [өзгертілді](#).

KASE Индексі 0,5% төмендеп, 2 799,92 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банкі жай акцияларымен жасалды – 792 мәміле (30,0% жалпы үлесінен). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі KEGOC қағаздарына келді – 213,9 млн теңге (жалпы үлесінен 40,3%).

KASE Индексінің акциялары




29.01.2021

KASE Индексі	2 799,92	-0,6	4,5
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Аэрофлот	409,0	3,3	0,2
Freedom Holding Corp.	22 099,0	1,3	0,8
Казхтелеком	26 015,1	0,6	-1,7
Банк ЦентрКредит	210,0	0,4	-2,3
КазТрансОйл	996,0	0,2	3,5
Kcell	2 839,9	0,1	2,9
KEGOC	1 690,0	0,0	-0,3
Казхтелеком, прив. акции	12 800,0	0,0	-0,4
Банк ВТБ	0,2	0,0	0,0
Народный банк	134,0	-1,2	9,0
Газпром	1 214,0	-1,3	2,7
НАК Казатомпром	7 500,0	-1,6	7,5
KAZ Minerals	4 100,0	-2,1	14,6
Сбербанк	1 472,6	-3,2	-1,1
Bank of America Corporation	12 800,0	-4,7	0,0

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексі апта қорытындысы бойынша біршама төмендеп, инвесторлардың тәуекел және шикізат активтерінен жаппай қашуы, сондай-ақ әлемдік қор нарығындағы жалпы белгісіздігі аясында жанама трендке қарай жылжуды жалғастыруда. Сауда-саттықтың негізгі аутсайдері Казатомпрома акциялары болды, олардың бағасы бір аптада ETF URA уран бағасы 2,0% төмендеуі аясында бір аптада 4% дейін төмендеді. KAZ Minerals акциялары 2020 жылға өндірістік есебін жариялау аясында 1,2% төмендеді. Компания мыс өндірісі көлемін 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 1,8% төмендеді. Мысты сату 2019 жылмен салыстырғанда 5,2% азайды. Компанияның хабарламасында жылдың соңында қазақстан-қытай шекарасында жүк тасымалдаудың кідіруіне басланысты төмендеуі байқалады. 2020 жылы алтын өндірісінің көлемі – 4,8% өсті. Сонымен қатар, қаңтар айының соңында мыстың фьючерсі бір фунтқа \$3,63 сатылды, ол сегіз жылдық көрсеткіштен бір фунтқа \$3,73 құрады, яғни 2% төмен. Бағаның құлдырауы Қытайдағы карантин шектеу шаралары аясында жүріп жатыр, экономикалық өсім перспективасы мен сұранымды қалпына келтіруді тежеуде. «Жасыл аймақта» өкілеттік тізімнің сегіз акцияларының екеуі жабылды: Халық Банк акциялары (+1,1%) және Kcell (+0,7%).

Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 4 б.н. артып, жылдық 8,25% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 3 б.н төмендеп, жылдық 7,93% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 1,9 трлн теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -5,8%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

█ Апталық орналастыру (←) █ Айлық орналастыру (←) █ Үш айлық орналастыру (←)
█ Жарты жылдық орналастыру (←) █ Жылдық орналастыру (←) █ Айлық кірістілігі (→)
█ Апталық кірістілігі (→) █ Үш айлық кірістілігі (→) █ Жарты жылдық кірістілігі (→)
█ Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі






Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 4,53 (1,1%) теңгеге өсіп, 424,22 теңгені құрады. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$589,1 млн (алдыңғы аптаның сәйкес көрсеткішіне +16,9%). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы саны 1952 құрады (алдыңғы аптаның сәйкес кезеңіне қарағанда +431). Максималды бағасы бір АҚШ долларына 424,59 теңге, минималды бағасы – 420,20 теңге.

Теңге әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты АҚШ долларына қатысты позициясын жоғалтты. Тәуекел активтеріне сұраным Қытай, АҚШ және Еуропа елдерінде карантин шараларының күшеюіне байланысты әлсіреуде. Карантиндік шаралар мен COVID-19 вакцинасын жеткізудегі кешіктірулер отынға деген сұраным перспективасына әсер етуде. Мұнай осы жағынан алғанда қозғалысы төмен. Мұнай нарығына қолдау ретінде Сауд Аравиясының ақпан және наурыз айында тәулігіне 1 млн баррель өндіруді қосымша төмендету жоспарлары, сондай-ақ Иракта қаңтар-ақпан айларында тәулігіне өндіруді 3,6 млн баррельге дейін төмендету бойынша жоспары ықпал етті. Сонымен қатар, Энергетикалық ақпарат басқармасының (EIA), сәрсенбіде жарияланған ақпаратына сәйкес, АҚШ мұнай қоры 22 қаңтарға аяқталған, бір аптада 9,9 млн баррельге төмендеді. Ресей рублы, сонымен қатар, АҚШ-та билік ауысқан соң және Алексей Навальный тұтқындалған соң жаңа ресейге қарсы санкцияларды енгізу перспективасынан қысым көруде. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен сәрсенбі күні ресей оппозиционерімен РФ қатысты жағдайға қатысты түрлі ірекет нұсқаларын жоққа шығармайды. Алайда, алдымен Байденнің әкімшілігі жағдайға талдау жасауды аяқтағысы келеді.

Brent наурыз айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында бір баррельге \$55,10 (+0,8%) құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубліне бағамы 75,7404 (0,5%) дейін өсті.


Ресей рублінің құны 0,0774 теңгеге (1,4%) өсіп, 5,5996 теңгені құрады. Қытай юані 0,7263 теңге (1,1%) до 65,5672 теңгені құрады.

**Шетел валюталарының бағамы
динамикасы**



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	577,97	0,6	2,0	1,2
— USDKZT	423,42	1,2	0,7	0,6
— EURKZT	512,63	0,9	-0,5	-0,7
— CNYKZT	65,42	1,0	1,5	1,4
— RUBKZT	5,56	-2,3	-2,8	-1,6

Brent мұнай құны



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

29.01.2021

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %			1ж
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж	
S&P 500	3 714,24	-3,7	-0,5	13,1	-3,4	Мұнай (Brent)	55,88	0,0	8,8	-4,1	
Dow Jones	29 982,62	-3,2	-1,4	3,9	-3,3	Мұнай (WTI)	52,20	-1,1	7,9	0,1	
PTC	1 367,64	-3,1	-1,4	-11,5	-3,7	Табиғи газ	2,56	-1,5	5,9	40,2	
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-3,7	Мыс	355,60	-2,0	0,2	40,9	
Hang Seng	28 283,71	-6,2	4,2	6,9	-3,9	Темір	1 183,50	1,2	11,4	66,8	
SS CSI 300	5 351,96	-4,9	4,7	33,7	-3,9	Алтын	1 847,65	-0,4	-2,5	16,6	
Euro Stoxx 50	3 481,44	-2,0	-2,5	-5,7	-3,1	Күміс	26,91	5,6	1,3	49,6	
FTSEuroFirst	3 884,00	-2,3	-1,1	-11,3	-3,5	Астық	663,00	2,2	3,5	18,3	
FTSE 100	6 407,46	-3,5	-2,3	-13,2	-4,3						
KASE	2 799,92	-0,6	4,5	22,4							

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

27.01	Caixin (қаңтар) өндірістік іскерлік белсенділік индексі (PMI)	өндірістік секторындағы	CNY	52,7	53,0
03.02	Шикі мұнай қоры		USD	0,446M	-9,910M
04.02	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім		GBP	0,10%	0,10%
04.02	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны		USD	830K	847K
05.02	Жұмыссыздық деңгейі (қаңтар)		USD	6,7%	6,7%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Жыл басына

Жылдық инфляция	7,1%	01.07.20	5,3%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-тұрақты

10.09.18

BBB-тұрақты

MOODY'S

Вaa3 тұрақты

26.07.17

Вaa3 -тұрақты

FitchRatings

BBB тұрақты

28.09.18

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.